



010000, Астана қаласы,  
Дінмұхамед Қонаев көшесі, 31 ғимарат  
тел.: 8(7172)72-01-64, факс: 72-04-60  
e-mail: dks\_astana@mfa.kz

20\_\_ ж. «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

010000, город Астана  
улица Динмухамеда Кунаева, здание 31  
тел.: 8(7172)72-01-64, факс: 72-04-60  
e-mail: dks\_astana@mfa.kz

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің  
Көші-қон қызметі комитеті**

**Қазақстан Республикасы  
Туризм және спорт министрлігінің  
Туризм индустриясы комитеті**

**Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Дін істері комитеті**

**Қазақстан мұсылмандары  
Діни басқармасы**

*Умраға барушы ҚР азаматтары туралы*

ҚР-дың Жидда (*Сауд Арабиясы Корольдігі – САК*) қаласындағы Бас консулдығынан (*бұдан әрі – Бас консулдық*) Сауд Арабиясына «умра» кіші қажылығына баратын ҚР азаматына қатысты келіп түскен ақпаратқа сәйкес, келесіні хабарлаймыз.

Бас консулдыққа 2023 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық төлқұжатын жоғалтуына байланысты Қазақстан Республикасының **40** азаматы қайтып оралу туралы анықтама (*ҚОА*) алу үшін жүгінген, оның 3-і жаңа туған нәрестелерге берілді (*отанына бару және төлқұжаттарды рәсімдеу үшін*).

Көптеген отандастар САК аумағына кіші қажылық (*умра*) өтеу үшін әртүрлі қазақстандық туристік компаниялар тобының құрамында келетіні белгілі.

Бас консулдық тарапынан қазақстандық туристік компаниялардың өкілдеріне Корольдікке келген кезде қажылардың төлқұжаттары жоғалып кетпеуі үшін оларды жинақтап, умралары аяқталмағанша жауапты тұлғаның (*туркомпанияның гиді*) қолында сақтау қажеттілігіне бір неше рет назар аударылған болатын.

Алайда, компаниялар Бас консулдықтың ескертулеріне елемеуде, бұл өз кезегінде қажылардың ұлттық төлқұжаттарын жоғалтуына әкеледі.

Бас консулдыңтың мәліметі бойынша, радикалдық және террористік ұйымдардың жақтаушылары Қазақстан Республикасының азаматтарының атын жамылып, жоғалған ұлттық төлқұжаттарды үшінші елдерге кіру және лаңкестік, құқық бұзушылықтарды, немесе басқа да заңсыз әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында жалған құжаттарды жасап пайдалануы және Қазақстанның халықаралық беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, шетелдегі халықаралық террористік ұйымдардың (ХТҰ) мүшелеріне ақша аударымдарын жүзеге асыру мақсатында жоғалған қазақстандық төлқұжаттарды қолдан жасау фактілерін жоққа шығаруға болмайды.

Осы ретте, Бас консулдық бұл мәселені шешу мақсатында қажылық саласына қатысы бар барлық қазақстандық туристік компанияларға (*Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып*) Сауд Арабиясына аттанған қажылардың төлқұжаттарын Корольдікке келген бойда жинақтап сақтауды және умра рәсімдері біткен соң Қазақстанға оралған кезде (*әуежайға шығар алдында*) таратуды мәжбүрлеп міндеттеуді ұсыныс ретінде қарастыруды сұрауда.

*Анықтама: Ағымдағы жылдың басынан бері. «Қызмет Саяхат», «Ният», «Дельта Тур», «Аманат», «Атлас», «Сұлтан Қажы Трэвел», «Алатау», «Хикмет», «Кәусар», «Qazaq travel» және «Alash travel» қазақстандық туристік компаниялар арқылы келген қажылар қайтып оралу туралы анықтаманы (ҚОА) жасау үшін Бас консулдыққа жүгінді.*

Жоғарыда аталған қадамдар жоғалған ұлттық төлқұжаттардың санын, қаржылық шығындарды (*жаңа авиабилеттерді сатып алу*), ҚР азаматтарының қабылдаушы елдің құқық қорғау органдарына қажетсіз өтініштері мен байланыстарын азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ жас қазақстандықтардың жасырын «хужраларда» және «марказдарда» (*діни орталықтар*) теріс діни білім алу үшін Корольдікке заңсыз қоныстануларына жол жабады деп пайымдаймыз.

Осыған орай, жоғарыда көрсетілген мәселелерді назарға алуды сұраймыз.

**Директордың орынбасары**

**А.Аубеков**



*Н.Аипов*



+7 (7172) 72-03-82



n.aipov@mfa.gov.kz